

Бүкіл әлемдегі бахаиларға

Ардақты достар!

Баһаулла ізбасарларын бірыңғай рухани талпыныстарында бекем біріктіретін істің, яғни Аса Қасиетті Жоспардың айқара ашыла басталуының ағымдағы кезеңінен бері толық үш жыл өтті. Құдай достары үшін белгіленген межеге дейін екі-ақ жыл бар. Өсім үдерісіне дем беріуін жалғастырып келе жатқан маңызды екі қозғалыс – дайындау институты курстарының тізбегі бойынша қатысушылардың тұрақты легі және кластерлердің жапатармағай ортадағы қозғалысы, былтырғы жастар конференцияларында бөлінген энергия арқасында одан әрмен нығая түсті. Айтарлықтай көп жас азаматтарды қызмет ету майданына жұмылдыруға бағытталған баһаи әлемінің кеңейіп қалған қабілеті ендігәрі қосымша жемістерін бере алады. Өйткені бар өсім бағдарламаларын күшейту және жаңаларын бастау бойынша маңызды мәселелер қалып жатқан уақытта өздеріне бұлтартпай еліктіруде. Қалған уақыт ішінде өсім бағдарламасы пайда болған кластерлерге жоспарланған мақсатқа жетпей тұрған тағы 2000-ды қосып алу үшін Ұлы Есім қауымдастығы тиімді жағдайға ие.

Әрқилы жағдайлар мен шарттарда, үш мыңға жуық кластерлерде, жер шарының ұланғайыр аймақтарында осы талпыныстың қазіргі уақытта екпінді ілгерілеп жатқанын көріп, қуанышқа бөленудеміз. Көптеген кластерлер бірнеше қарапайым іс-әрекет желісін енгізу арқасында жылдамдық жинай алатын нүктеде орналасты. Басқа кластерлерде іс-әрекеттердің жүйелі циклдерінен кейін Жоспар аясында қызмет етуге ықылас бірдірген адамдардың саны өсті, сонымен қатар қызмет қарқындай түсті; тәжірибе арқылы рухани білім алу процессінің сапасы жоғарылаған сайын қатысуға ниет білдіретін жандар тартыла түседі. Оқтын-оқтын әрекет ету барысында тоқырау немесе ілгерілеу жолында кедергілер пайда болуы мүмкін; байсалдылық, батылдық және табандылық негізінде тығырыққа тірелудің себебі жайында кеңесу жылдамдықты қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Неғұрлым көп кластерлерде өсім бағдарламасының ауқымы мен күрделілігі артуда, сәйкесінше Жоспардың үш қаһарманы - сенуші, қауымдастық және Сенім институттарының өзара қолдау жағдайын жасау бойынша қабілеті де кеңейіп келеді. Күткеніміздей-ақ, жүздеген және одан да артық сенушілер рухани, серпінді, түрлендіруші өмір өрнегін тоқуында мың-мыңдаған адамдарға болысып жатқан кластерлер саны артып келе жатқанына сүйсінудеміз. Осы үдерістің негізінде ең алдымен, әрине, ғаламға жан бітіруші Кім болса, соның Өзі сәуегейлікпен ұсынған материалдық және рухани гүлдену бағытындағы ұжымдық қозғалыс жатыр. Бірақ соншалықты көп кісі іске қосылғанда, бүкіл халықтың қозғалысы байқалмай қалмайды.

Бұл қозғалыс әсіресе жергілікті Машрикүл-Асқар тұрғызылатын кластерлерде айқын байқалуда. Солардың бірі, мысалы, Вануату. Танна аралында тұратын достарымыз болашақ Мінажат ету Үйі туралы хабардарлықты арттыру үшін зор күш салып, ғибадатхананың маңызы туралы кеңейіп келе жатқан сұхбатқа 30 000 тұрғыны бар аралдың кем дегенде үштен бір бөлігін әртүрлі тәсілдермен тартып үлгерді. Соншалықты көпшілік арасында еңселі сұхбат жүргізіп тұру қабілеті Баһаулланың ілімі жайлы бөлісуден жиналған көп жылғы тәжірибе, әрі көрнекті дайындау институтының кеңейтілген ауқымы арқасында шыныққан болатын. Аралдағы жасөспірімдер тобы әсіресе жақсы дамуда, себебі қатысушылардың рухани күшке бөленіп жатқанын көрген ауыл ақсақалдары оларды қолдауда. Өз ортасында бірлік және адалдықпен шабыттанған бұл жастар бойларындағы маужыраушылықтан арылып қана қоймай, әртүрлі тәжірибелік жобалар көмегімен өздерінің қауымдастықтарың игілігі үшін еңбектену тәсілдерін тапты, ал бұл болса, өз ата-аналарын қоса әртүрлі жастағы адамдарды конструктивті әрекетке итермеледі. Жеке сенушілер де, қалың қоғам да жетекшілік және қиын жағдайларды шешіп беру үшін Жергілікті Рухани Жиналысқа сүйену мүмкіндігі туралы шарапатты мойындай бастады, ал өз кезегінде Рухани Жиналыстардың шешімдері жиі даналық, әрі ілтипатшылдықпен сипатталады. Жоспардың әрекеттер шеңберіндегі бөлшектері бір бүтінге біріккенде, тұрғындарға деген әсері өте зор

болуы мүмкін – дегенге көп нәрсе меңзейді. Атап айтқанда, тұрақты ұлғаю және шоғырлану жағдайында – жуырда қарқынды өсім бағдарламасының отызыншы циклі мәресіне жеткен болатын – аралдың басқа тұрғындарымен бірге достар «адами рухқа арналған ұжымдық орталық» болып табылатын Машрикүл-Асқардың тұрғызылатыны туралы мән-мағынаны белсенді зерттеуде. Дәстүрлі көшбасшылардың белсені қолдауымен Танна аралының тұрғындары ғибадатханаға арналған жүзден астам дизайнерлік идеялар ұсынған болатын. Сонысымен олардың ой-қиялдарын қаншалықты баурап алғандықтарын көрсете отырып, Мінажат Үйінің саясында табылатындардың өмірлеріне деген әсердің арбаушы келешегі паш етілді.

Бұл рух сергітер сипаттама қазіргі уақытта көршілестіктер мен ауылдардағы өмір сүру жағдайларына Баһаулла ілімі әсер беріп жатқан көптеген озық кластерлерге тән. Бұлардың әрбіріндегі адамдар Баһаулла Тұлғасын неғұрлым жақынырақ тани отыра, тәжірибе бойынша ойланып-толғану, кеңесу мен зерделеу арқылы Оның Ашылымдарында сақталған ақиқатқа сәйкес әрекет етуге үйренуде. Осының арқасында кеңейіп келе жатқан рухани туыстық шеңбері ұжымдық мінажат ету мен қызмет ету жолында етене тұтасып, ұйысып келеді.

Алға ілгерілеп кеткен қауымдастықтар басқаларды да әртүрлі жолдармен еруге шақыратұғын із салуда. Дегенмен, кластердегі әрекет ету деңгейі қандай болса да, жергілікті достар арасындағы үйреніп алу қабілетінің нақ өзі – жалпылама шеңбер аясында – даму жолындағы прогреске септігін тигізеді. Әрбір адамның осы іске қосатын үлесі бар; әркімнің үлесі бүгінгі байытылуына қызмет етеді. Ең серпінді кластерлер – қауымдастықтағы ресурстардың аз-көптігіне, не болмаса жасалып жатқан іс-әрекеттердің санына қарамай, прогресс іске асу үшін қажеттіні - яғни нәр беруді қажет ететін бүршік жарып келе жатқан қабілетті, иелену керек жаңа дағдыны, сүйемелдеуді қажет ететін пайда болар талпыныс шоқтарын, көтермеленуі керек ойлану кеңістігін, үйлестіруді қажет ететін ұжымдық бастаманы - анықтап алып, содан соң мақсатқа жету үшін керекті уақыт пен ресурстарға ие болуды қамтамасыз ететіндей шығармашылық әдіс табу олардың тапсырмалары болып табылатынын түсінген достары бар кластерлер. Әрбір жайттардың жиынтығы өзіне ғана тән қиындықтарды қамтитыны туралы факттың өзі, әр қауымдастыққа қалған баһаи әлемі үйреніп жатқанды қолдануды ғана емес, сонымен қатар осынау білім қорына үлес қосуға мүмкіндік береді. Бұндай шынтуайтты ұғыну әрекет етудің жеміссіз қатал формуласын іздеуден босатады да, әртүрлі шарттарда сусындалған нұрлануға мүмкіндік береді, ал ол болса, әртүрлі шарттарда қалпын алған сайын өсім үдерісін жандандыруға жол ашады. Бұл тәсіл - «сәттілік» пен «сәтсіздік» деген тар, яғни долданушылық сіңіретін және ерікті бұғаулайтын концепциялардан мүлдем алшақ. Баз кешу талап етіледі. Талпыныс тұтастай Құдай үшін жасалғанда, болып жатқанның бәрі Оған тиесілі, ал Оның есімі үшін қол жеткізілген жеңіс, Оған мадақ тұтуға себеп болады.

Сеніміздің көптеген Жазбаларында салынатын күш-жігер мен жауабы ретінде берілетін тәңірлік жәрдемнің қатынасы сипатталады: «Тек күш салсаңдар болғаны, сөзсіз, оның даңғы асқақтайды, оның қайырымдылық бұлты жауынын құяды, оның жігерлендіруші желдері айнала отыра соғады, оның аңқыған жұпар иісі шартарапқа тарайды, - деп өзінің шарғыларының бірінде Ұстазымыз сендіреді.» Қасиетті Кесенелерге жиі барғанымызда, Ол сіздерді қолдасын және күшейтсін, тәңірлік іліммен таныс еместерді табуда және оларды Оның Ісінде нығайтуда салған күш-жігерлеріңізге жомартша бата берілсін және де Оның шексіз мейіріміне мүдірмей иек арта білсін деп Алла тағалаға сіздердің аттарыңыздан қоймастан жалбарынамыз. Біз сіздерді ешқашан да өз дұғаларымызда ұмытпаймыз және сіздердің қасиетті адалдық әрекеттеріңізді біздің жалбарынуларымызда тілге тиек етуді тоқтатпақ емеспіз. Ақбаталы Сұлулық ізбасарларының алдында тұрған келер екі жылдың әдепкі міндеттері жайлы ойланған кезімізде, Ұстаздың әрекет етуге жалынды үндеуі рух үшін ынталандыру: «бүркенішті жыртып тастап, кедергілерді жоқ қылып, тірілтікші су ұсыныңдар және құтқаратын жол көрсетіңдер».

*[қол қойылған: Бүкіләлемдік Әділет Үйі ]*